

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы N 23-6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 мамырда N 2741 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 7-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 7-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-18 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3 бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" Үкіметінің қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Ғабит Мұсірепов атындағы

ауданы мәслихатының

XXIII сессиясының төрағасы

Н. Габдулов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы
ауданы мәслихатының хатшысы

Б. Ысқақова
Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2014 жылғы 31 наурыздағы
№ 23-6 шешімімен
бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-18 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 қаулысына сәйкес өзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округі аумағындағы Бірлік ауылдының және Старобелка ауылдының көше және ауыл тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің үлгі тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округі аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыннын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданың Бірлік ауылдық округінің әкімімен шақырылады және ұйымдастырылады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданың Бірлік ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе ақпаратты "Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Көше аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынды өткізуі Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданың Бірлік ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті көшениң қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданың Бірлік ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданың Бірлік ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше тұрғындарының өкілдерінің кандидатураларын Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатымен бекітілген сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның қатысушыларымен ұсынылады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы екі жұмыс күні ішінде қол қояды және қол қойылғаннан бастап бір жұмыс күні ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданың Бірлік ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық
округінің Бірлік ауылы және Старобелка ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына
қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
№ 23-6 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округінің Бірлік ауылы және Старобелка ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Ескеरту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-18 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Ауылдар мен көшелер атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарына қатысатын көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Бірлік ауылы, Арасан көшесінің тұрғындарына	3
2	Бірлік ауылы, Достық көшесінің тұрғындарына	3
3	Бірлік ауылы, Набережная көшесінің тұрғындарына	3
4	Бірлік ауылы, Киров көшесінің тұрғындарына	2
5	Бірлік ауылы, Ключевая көшесінің тұрғындарына	1
6	Бірлік ауылы, Луговая көшесінің тұрғындарына	2
7	Бірлік ауылы, Зерновая көшесінің тұрғындарына	1
8	Бірлік ауылы, Овражная көшесінің тұрғындарына	1
9	Бірлік ауылы, Приишимская көшесінің тұрғындарына	2
10	Бірлік ауылы, Техническая көшесінің тұрғындарына	3
11	Бірлік ауылы, Дальний түйік көшесінің тұрғындарына	1
12	Бірлік ауылы, Западный түйік көшесінің тұрғындарына	2

13	Бірлік ауылы, Молодежный тұйық көшесінің тұрғындарына	2
14	Бірлік ауылы, Новый тұйық көшесінің тұрғындарына	2
15	Бірлік ауылы, Школьный тұйық көшесінің тұрғындарына	2
16	Бірлік ауылы, Торговый тұйық көшесінің тұрғындарына	1
17	Бірлік ауылы, Спортивный тұйық көшесінің тұрғындарына	2
18	Старобелка ауылы, Школьная көшесінің тұрғындарына	3
19	Старобелка ауылы, Центральная көшесінің тұрғындарына	3
20	Старобелка ауылы, Озерная көшесінің тұрғындарына	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК